

Акимубекова Гулзира Зейноллаевна,

gulzira_akimbekova@mail.ru

Сүлейменова Аяулым Турагуловна

suleimenova79@mail.ru

Н.Нұрмақов атындағы ММИ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері

«ТІЛ-ТАНЫМ» ТАҢДАУ КУРСЫ – ТҰЛҒА ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУЫ НЕГІЗІ

Елбасы Н. Ә. Назарбаев Қазақстан халқына арналған Жолдауында: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Сондай-ақ балаларымыздың жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды» деген болатын [1, 13].

Білім беру мен тәрбиелеуде заманауи ұстанымдарды өзек еткен білім ордасы тұлға құзыреттілігін дамытуды басты мақсат етіп, нәтижелі жұмыс жасап келеді. Мектептің даму стратегиясындағы «Қазақ тілі негізінде барлық пәндерден мүмкіндік деңгейінде білімді меңгерген, ұлттық құндылықтарды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу» мақсатына сәйкес, қазақ тілінің айқындаушы рөлін орнықтыратын, жеке тұлға бойында лингвистикалық сана қалыптастыруға, әлемді тұтас, жүйелі танудың доминанты - ана тілі екеніне саналы келуге көмектесетін «Тіл - таным» пәні бағдарламасы оқушыларды жас ерекшелігіне сай оқытудың жүйелілік және коммуникативтік принциптері негізінде жасау қажеттілігі туындады. Осы негізде ұйымдастырылған «Тіл-таным» курсы ұлттық рухы қазақ тілінде орныққан тұлғаның бірнеше тілді меңгере отырып, рухани құндылықтарды әлемдік деңгейге шығару болып табылады. «Тіл-таным» курсы ұйымдастыру арқылы әр оқушының даму деңгейі, білімі, қабілеттерінің дамуына жағдайлар жасалып, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптасуына мүмкіндіктер туғызылады. Аталмыш курс методист-ұстаз, бар ғұмырын педагогика ғылымын дамытуға арнаған, Абайды оқытудың озық іс-тәжірибесін ұсынған, әр тұлға бойына «Тілім-қасиетті мұрам», «Туған жерім – Отаным» деген ұлттық құндылықтарды дарытқан Бәйішева Ләззат Бәйішқызының оқыту әдістемесіне сүйеніп жасалды. «Тіл – таным» курсы оқушының тілдік санасын жетілдіре отырып, қазақ тілінің құдіретін таныту, туған өлкеге деген сүйіспеншілігін қалыптастыру, өз елінің, жерінің иесі екенін тіл қуаты арқылы бойына сіңіруді, қазақ тілі арқылы өзге тілдерді, өнер, ғылымды меңгертуді мақсат етеді Аталған курстың мазмұны қазіргі заманауи білім беруде аса маңызды мәселелердің бірі - тұлғаның функционалдық сауаттылығын қалыптастыруды көздейді [1, 6].

«Тіл-таным» курсы барысында оқушының тілдік санасын жетілдіре отырып, қазақ тілінің құдіретін таныту, туған өлкеге деген сүйіспеншілігін қалыптастыру, біліктілігін жетілдіру маңызды рөл атқарады.

«Тіл - таным» пәні - қазақ тілінің ғылыми негіздерін үйретуді, тереңдетуді мақсат етпейді. Қазақ тілі пәнінің қосымшасы да емес. Осыған байланысты пән ерекшелігі оқушының қазақша ойлауы, сөйлеуі арқылы қазақ тілінде меңгерген сөздік қоры негізінде жүргізілетін танымдық, шығармашылық, зерттеушілік қабілеттерін, өзіндік жұмыстар арқылы тұлғаның әлеуметтенуін дамытуға бағытталған. Берілген курстың негізі практикалық өзіндік жұмыстар болып табылады. «Тіл-таным» курсының мақсаты- оқушының ұлттық дүниетанымын қалыптастырып, ғылым негіздерін қазақ тілінде меңгеріп, өзінің мақсат-мұраттарына ана тілінің мүмкіндігі арқылы қол жеткізетіндігіне сенімін қалыптастыру болып табылады.

5-9- сыныптарға арналған «Тіл-таным» курсының оқу бағдарламасы 5, 6-сыныптар бойынша «Таным баспалдағы»; 7-сынып бойынша «Қазақ тілі - өнер тілі»; 8-сынып бойынша «Қазақ тілі – ғылым тілі»; 9-сынып бойынша «Қазақ тілі - мемлекеттік қарым-қатынас тілі» курстары бойынша құрылып, аптасына 1 сағаттан оқытуды көздейді.

5-6-сыныптар	7-сынып
«Таным баспалдағы» курсы	«Қазақ тілі - өнер тілі» курсы
Мақсаты – «ана тілінде сөйлейміз, оқимыз, жазамыз, өз басымызды, үй-ішімізді, ел-жұртты танимыз, өнер-білімді, мәдениетті меңгереміз» дегенді түсіндіріп, өзін танып, өзгені тани алатынына сенімін арттырып,	Мақсаты - жеткіншектердің жалпы өнер туралы ұғымын кеңейтіп, жекелеген өнер түрлеріне қызығушылығын арттыра отырып, мәдени дүниетанымдық көзқарасын дамытып, лингвистикалық


оқушы санасына әсер ету.	сананы тереңдетуге жағдай жасай отырып, біліктілігін орнықтыру.
<p align="center">8-сынып</p> <p align="center">«Қазақ тілі - ғылым тілі» курсы</p> <p>Мақсаты - ғылыми танымды жетілдірудегі ана тілінің мүмкіндігін пайдалана отырып, ғылыми ұғымдар мен зерттеу әдістері жайлы ұғым-түсініктерін кеңейтіп, практикада қолдана алу үшін тұлғаның қажет біліктіліктерін жетілдіру арқылы түйінді құзыреттіліктерінің дамуына жағдай жасау.</p>	<p align="center">9-сынып</p> <p align="center">«Қазақ тілі - мемлекеттік қарым-қатынас тілі» курсы</p> <p>Мақсаты - жеке тұлғаның практикалық қолданыста іскерлік тілдерін дамытып, әлемді тұтас, жүйелі танудың доминанты - мемлекеттік тіл екендігіне көз жеткізе отырып, коммуникативті құзыреттілігінің дамуына жағдай жасау.</p>

Бағдарлама құрылымы белгілі бір тақырыптар негізінде дәрістер оқудан, практикалық сабақтар мен семинарлардан, экскурсиялардан, дөңгелек үстел және көрме өткізу сабақтарынан тұрады.

8-9-сыныптарда өткізілетін сабақтар модульдік оқыту технологиясына негізделген.

«Тіл-таным» курсының мазмұны тұлғаның әлеуметтенуіне қызмет етеді. Курс барысында жеке тұлға Блум таксономиясына негізделген тапсырмалар жүйесінде жұмыс жасау арқылы зерттеуші ретінде сезініп, өзін-өзі үздіксіз дамытуына мүмкіндік береді, тапсырмалар негізінде оқушының интеллектуалдық және практикалық біліктілігі қалыптасады, дамиды. Сөзіміздің дәлелі ретінде 6-сыныпта «Қазақ тілі – түрік, француз тілін меңгеру негізі» тақырыбындағы сабақта оқушыларға ұсынылатын тапсырмалар жүйесі:

1-тапсырма:Түрік тілі, француз тілі туралы ойыңа келген ұғымдарды жаз.



2-тапсырма: Түрік немесе француз тілінің қажеттілігі туралы ойыңды жинақта.

Қандай мамандықты игергенде?	Не мақсатпен?

3-тапсырма:Түрік, француз елі жайлы білетін мәліметтеріңді сызба түрінде көрсет.

4-тапсырма:Түрік, француз тілдеріндегі мектепке қатысты сөздерден сөздік әзірле.

5-тапсырма:Түрік, француз елінің ұлы ойшылдары және олар айтқан ұлағатты сөздер негізінде слайд-шоу әзірлеп, тұсаукесер жаса.

6-тапсырма: «Мен Стамбул немесе Париж қаласындамын» тақырыбында өзіңнің саяхатыңның жоспарын әзірле. Саяхат барысында өзің түйген тіл қажеттілігі туралы өз пайымыңды білдір.

Тапсырмаларды орындау барысында оқушы шығармашылық жұмыстарын үлгі ретінде ұсынсақ [1, 25].

Мен таныған ұлтымның дәстүрі



Менің туған жерім - туған тілімнің мекені



Тапсырмалар бойынша оқушының білім-білік дағдысы арнаулы критерийлерге негізделіп құрылған дескрипторлар арқылы бағаланады [1,72].

Қорытындылай келе, 5-9-сынып оқушыларына арналып, жүйелі түрде ақиқат дүниені, өмірді танып білуге бағыттайтын вариативті курс «Тіл-таным» бағдарламасы қазіргі әлеуметтік сұранымға сай зерттеушілік-шығармашылық қабілеті жоғары, өзіндік сыни көзқарасы қалыптасқан құзыретті тұлға даярлауға мүмкіндік туғызады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. 2012 ж.
2. Вариативті курс бағдарламасын құрастыру бойынша әдістемелік нұсқаулық. Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы. 2016 ж.
3. Балаларға арналған танымдық энциклопедия. Ұлы өнертабыстар. – Алматы, 2004 ж.
4. Мұғалімге арналған нұсқаулық. 2-деңгей. 2014 ж.

Мухамеджанова Г.Т., Тасбулатова А.Б.
М. Қозыбаев атындағы СҚМУ
aygera.t01@gmail.com

ТІЛДІК ҚҰРАЛДАРДЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Тіл – адамның ойы мен санасында танылған әлемдік бейненің, болмыстың ұғымдық белгісі болып табылады. Адам баласы тіл арқылы табиғаттағы бүкіл заттар мен құбылыстарға атау беріп өтеді. Ұлттық таным және тіл бірлігі, байланысын осы жерде көруге болады. Тіл деген жалпы мәдениет пен адамзаттық дүниетанымының тұғыры деседі. Мәдениет және тілдің байланысы мазмұн мен форманың байланысы. Тіл – мәдениет деген ұғымның өмір сүру формасы болса, мәдениет деген оның ішкі мазмұны болады. Осы тұрғыдан алатын болса, тіл және мәдениетті тұтас бір дүние деп есептейді. «Лингвомәдениеттану» термині сонау оңжылдықта В.Н.Телияның фразеология мектебінің нәтижесі арқылы пайда болған. Лингвомәдениеттану – тіл және мәдениеттің нәтижесінде дүниеге келген ғылым. Әлем философиясы мыңдаған жылдар бойы тілдің өзіндік тұстарын пайдалану арқылы дамып келе жатыр. Ұлы ойшыл А.М.Хайдегер тілді «болмыстың үйі» деп атаған. Сол себепті лингвистика барлық гуманитарлық бағыттың алдыңғы қатарларынан болып, бұл ғылымсыз мәдениетті зерттеу мүмкін емес екендігін анықтады. Тіл белгілі бір ұлттың әлем және қоғамға деген көзқарасын көрсетеді. Сонау замандарда халқымыздың басынан өткерген әрекеттері, қазіргі күндері метафораларда, мақалдарда, фразеологизмдерде, мәтелдерде сақталып отырған.

В.А.Маслова лингвомәдениеттанудың пәнаралық сипатын атай отырып, оны «тіл мен мәдениеттанудың түйіскен тоғысында қалыптасқан лингвистика саласы» ретінде, «тірі ұлттың тілге дарыған және тілдік процестерде материалды және рухани мәдениетті көрсететін гуманитарлық пән» ретінде немесе «мәдениеттану мен тіл білімі, этнолингвистика мен мәдени антропологияның зерттеулері нәтижесін қамтыған, шоғырланған білімдер аумағы» ретінде анықтайды [1, 11]. Лингвомәдениеттану саласында тілдің өзіндік ерекшеліктері тілдік құралдар арқылы көрініс табады.

Метафора. Метафораның ұлттық сипаты тілілік тұлғаның ұлттық мінезінің өлшемдерін анықтап отырады. Жыраулық дәстүрден бастап орын алған және тілдегі орны сақталған тілдік құрал - метафоралық қолданыс деп аталады. Қоршаған ортада болып жатқан көңіл күй иірімдері, табиғаттың әсем суреттері метафоралық қолданыстың бастамасы.